

**Жамбыл облысының әкімдігінің №4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаты
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Педагогикалық кеңес №2
(кезектен тыс)

ХАТТАМА № 2

Қаратау қ/сы

23/09-2024ж.

**Тақырыбы: «№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернат ұйымының өзін-өзі
бағалаудың қорытындысы**

Қатысқан педагогтердің саны: 60 адам (95%)

Қатыспағандар : 3

Күн тәртібінде:

1. №4 «Үміт» арнайы мектеп-интернатында білім беру процесіне бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалаудың қорытындысымен таныстыру.

1 мәселе бойынша;

1.1.

Тыңдалды: «Өзін-өзі бағалау комиссиясы» төрайымы, мектеп-интернат директоры А.Т.Кашкеева сөз алды:

№4 «Үміт» арнайы білім беру мектеп-интернатының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттарға сәйкес оқыту нәтижелері бойынша ұжымды таныстырып өтті.

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі бар;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеруде;

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы іске асыруда;

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі

нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру - қанағаттанарлық;

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыруда – адаптивтік, альтернативтік, жеке, түзету-дамтыу оқу бағдарламалар арқылы;

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру – арнайы оқу жоспар бойынша іске асыруда;

7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыруда;

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курстары білім беру процесінің жоспарында бар;

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстары білім беру процесінің бар;

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі жүргізіледі;

13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар сақталынады;

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкес және сақталынады;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақталынады;

14. Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталынады;

1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде **арнайы** білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптары орындалады;

2) Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының 2-тарау б) п. сәйкес Жамбыл облысы

әкімдігінің білім басқармасының №4«Үміт» арнайы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес, 4,9-сыныптардың ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар компьютерлік тестілеу рәсімдерінен босатылды;

15. Оқу мерзіміне қойылатын өлшемшарттар сақталынған.

1.2.

Тыңдалды: «Өзін-өзі бағалау комиссиясы» мүшесі, мектеп-интернат директорының оқі ісі жөніндегі орынбасары М.К. Сейтжанова сөз алды: «Өзін-өзі бағалау комиссиясы» өзін-өзі бағалау жұмысының нәтижесімен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5- желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», қосымша бағалау парақ бойынша білім беру қызметінің балдық нәтижесі – **51 б.** құрады, деп бөлім бойынша қорытындысымен таныстырып өтті.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. «№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернатының білім беру қызметі – «қанағаттанарлық» деп бағалансын; өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша - 51 балл.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



А.Т.Кашкеева

И. Жуманкүлова